

Құр + аша (жыра. Ақтөбе обл., Мұғалжар ауд.)

Құр + бет + көл (көл. Қостанай обл., Ерейментау ауд.) Құр + бұлақ (өзен. Алматы обл., Талғар ауд.)

Бұл мысалдардан кейбір күрделі жер-су атауларының үлгілерін көре аламыз. Осы секілді мысалдарды жинақтап, оларды тип пен үлгілерге жіктеу арқылы күрделі жер-су атауларының тип пен үлгілері жүйеленіп көрсетіледі.

«Сөйтіп, сөздерді біріктіру, тіркестіру, қосарлау жеке-жеке сөзжасам үлгілері болып табылады» [7; 279]. Топонимжасамның аналитика-семантикалық тәсілмен пайда болатын туынды топонимдерінің ішінде біріккен жер-су аттары қомақты орын алатыны белгілі. Кіріккен, тіркесіп, қосарланып, қысқарып жасалған атаулар да бар, бірақ олардың саны көп емес.

Қорытындылап айтқанда, сөзжасамдағы секілді топонимжасамда да аналитика-семантикалық тәсіл арқылы туынды топонимдер жасалады және біздің басты мақсатымыз – ол топонимдердің типтері мен үлгілерін анықтау.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жанұзақ Т. Жер-су атауларының анықтамалығы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 568 б.
2. Салқынбай А.Б. Қазақ тілі сөзжасамы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 271 б.
3. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 368 б.
4. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана: Астана полиграфия ЖАҚ, 2002. – 784 б.
5. Соссюр Ф. де. Курс общей лингвистики / Пер. с фр. А.М.Сухотина. М.: Логос, 1998. – 296 с.
6. Бияров Б. Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері: монография / Б.Бияров. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 460 б.
7. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: «Рауан», 1998. – 304 б.
8. Жүнісбек А. Қазақ тілі дыбыстарының артикуляциялық моделі. Оқу құралы. I бөлім. – Алматы: «Арыс», 2005. – 112 б.
9. Попова В.Н. Структурно-семантическая природа топонимов Казахстана (сравнительно-историческое исследование): автореферат дисс. на соискание уч. степени доктора филол. наук. – Алматы, 1997. – 62 с.
10. Мурзаев Э.М. Тюркские географические названия. – М.: Восточная литература РАН, 1996. – 230 с.

ӘОЖ 81`373

COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ СӨЗДЕРДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Хамитова Айгерим Тауасаровна

hamitova_1985@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті

7M01717 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г. Сәрсек

Сөздер қолданысына қарай әртүрлі болып келеді. Кей сөздер уақыт өте келе ескіріп, қолданыстан шығып жатса, ал кейбір сөздер, керсінше, белгілі бір жағдайларға байланысты пайда болып, сөздік қорымызға еніп, тілімізде тұрақталып қалады. Қоғамның дамуына байланысты пайда болған сөздерді «Қазақ әдеби тілінің анықтамалығы» *неологизмдер* деп береді [1, 150], Д.Кристалл неологизмдерді «бір рет қолданылатын сөздер» дейді де, жаңа сөздердің тұрақталып қалатыны аз екендігін айтады [2, 26]. Р. Сыздық жаңа сөздердің нормалық және нормалану дәрежесі, сөздік құрамға қосылу мүмкіндігі әр басқа болатындығын байқап, оларға «тілдегі жаңалықтар» немесе «тілдік жаңалық» деген нақты атау береді де тілдегі жаңалықтарды номинация, терминология, аударма, сөзжасам және сөз мәдениеті салаларымен тығыз байланыста қарап, жаңа қолданыстарды «неологизм», «аэлогизм» және «неолексизм» қатарларына топтастырып талдау керектігін көрсетеді [3]. COVID-19 пандемиясына қатысты жаңа сөздерді Р. Сыздық анықтамасы бойынша топтастырып, олардың ерекшеліктерін кестеге салып көрсеттік.

Жаңа сөздерді топтастыру түрлері (Р. Сыздық бойынша)	Анықтама	COVID-19 пандемиясына қатысты жаңа сөздер
Неологизм	қосымшалар арқылы (өгіл, салымшы, ауысым), сөз біріктіру жолымен (орамжапырақ, тұсаукесер, ақуыз), сөз тіркестіру арқылы (<i>атаулы көмек, тұтыну қоржыны</i>), сөз мағынасының ауысуы (<i>желі, қарымта кездесу, еншілес кәсіпорын</i>) арқылы жасалған қазақтың төл сөздері негіз болған жаңа бірліктер	Сөз біріктіру жолымен (көрвирус, тәжвирус), сөз тіркестіру арқылы (тәжді вирус)
Аэлогизм	байырғы сөздердің жаңа мағынаны иеленуі (<i>көзқаман</i>).	Арақашықтық/ ара қашықтық
Неолексизм	Сирек қолданыстағы, қазіргі нормативті сөздіктерге енгізілмеген «қайта тірілген» сөздердің жаңа мағынаға ие болуы (<i>егемен, орынтақ, ұйқамақ</i>)	карантин

1-кесте. COVID-19 пандемиясына қатысты жаңа сөздерді Р. Сыздық анықтамасы бойынша топтастыру.

Р. Сыздық тұжырымдарының ерекшелігі неологизмдерге қазақтың төл сөздері негіз болған бірліктерді жатқыза отырып, жаңа сөздерде ұлттық реңктің көрінуін, сөз арқылы ұлттық сананың беки түсуін қарастыруында.

Қазақ халқында кез келген ауру ушығып, таралып, асқынып кетпесін деген ниетпен ауру атын тікелей айтпай, олардың сипаты, ерекшелігі негізінде атау берген. Мәселен, қатерлі ісік ауруының атын «жаман ауру» деген тіркеспен алмастырған. COVID-19 ауруының емі табылмай, адам шығыны көп болуына байланысты бұл ауруды көрвирус деп атады. Бұл сөз сөздікке арнайы еңбесе де, халық арасында айтылып, Р. Сыздық анықтамасы бойынша төл сөз болып саналатын «көр» сөзі негізінде жасалған. Көр сөзі қазақ танымында о дүние, өлім ұғымымен байланысты. Бұл сөз өмірдің қадірін білу, жақсылық пен жамандықты айыра білу сияқты тәрбиелік мәнді сөздерде теңеу ретінде жиі қолданылады. Мысалы, «Үш жеріңнен буғызып көрге бір салса сол жаман» деген терме жолдарын айтуға болады [<https://sazalem.com/ru/track/kazaksha-terme-ne-zhaman-ne-zhetim>]. Адам баласының алдында

қашан да өлім бар екенін ұдайы ескерту мақсатында *қазулы көр; қайда барсаң да Қорқыттың көрі*, яғни, «өлімнен қашып құтылған жан болған емес» деген түсінікті әрдайым пенденің есіне салып отырды. Көр азабы деп аталатын о дүниеде тозаққа түспес үшін тіріде адал болып, жақсылық қана жасауды дәріптеп, көрдей қараңғы, көр ішіндей деген теңеулер арқылы қорқытып сақтандырып отырады [5, 736]. Сонымен «көр» сөзі ертеден адамның эмоциясына әсер етіп, оның өмірді бағалауына түрткі болатын әсер ету құралы ретінде қолданылған. Сонымен қатар бұл сөз тікелей өз мағынасында да жұмсалады.

Баянғали Әлімжановтың «Пандемия» поэмасында қолданылған «көрвирус» сөзінің мағынасы «көрге жетелейтін вирус» ретінде сипатталған. Бұл ұғымдағы «көр» сөзі жағымсыз сипатқа ие.

Ес кетіп елдің бәрі үрейленген,
Айрылып арыстардан, сүлейлерден,
Білмейді қалай, қайтіп күресерін,
Көрмеген бұрын-соңды дүлейменен.
Жандары саруайымнан сығылысқан,
Сабылып, қалтарысқа тығылысқан.
Көрвирус көрінбейтін көрқап сынды,
Жаралған жер-жаһандық ыбылыстан [6].

Автор коронавирусты «көрқапқа» теңеп, ыбылыстан жаратылған дей келе, поэма арқылы емі белгісіз болған, қаншама жанның өмірін жалмаған ауруға деген халықтың ашу-ызасын жеткізеді.

«Арақашықтық» сөзі көбіне математика, геометрияға салаларында қолданылған. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» «аралық», «қашықтық» сөздері зат есім деп беріліп, «Екі нүктенің арақашықтығы осы екі нүктені қосатын түзу кесіндінің, нүктеден түзуге (не жазықтыққа) дейінгі арақашықтық берілген...», - деген мысал келтірілген [7, 752 б.]. «Сөздік қор» сайты арақашықтықты «спорттың циклді түрлерінде спорт жарыстары мен жаттығулары өткізілетін телім» деп түсіндірсе [8], Д. Бринкерхов, Р. Уейтс, С. Ортега «Әлеуметтану негіздері» еңбегінде «екі адам, топ немесе басқа да бірлік арасындағы географиялық қашықтықты білдіретін ұғым» деп анықтама береді [9, 46]. Күнделікті өмірде белсенді қолданылмайтын «арақашықтық» сөзі ұмытылып бара жатқан сөздер қатарына жатты, алайда коронавирус ауруының келуімен бұл сөз жаңа мағынаға ие болып, ауру жұқтырмаудың, қорғаныс шараларының бір түрі ретінде сөздік қорымызға енді. «Әлеуметтік» сөзімен бірге қолданылып, бастапқыда білдіретін географиялық арақашықтық мағынасынан алыстап, адамдардың ауру жұқтырмас үшін бір-бірімен араласуын, жақындасуын шектейтін әлеуметтік сипатқа ие ұғымға айналды. «Арақашықтық» сөзі белгілі бір шектеулі салада қолданылатын ұғымнан жалпыхалықтық сөзге айналды.

Карантинге жабылды, карантин шаралары, карантинді бұзды сынды тіркестер коронавирус ауруының келуімен жиі айтылатын болды. Бұрында карантин шаралары медициналық мекемелер мен балабақшаларда жұқпалы ауруды тоқтату мақсатында жасалған. Бүгінде коронавирус ауруын тоқтату мақсатында жүргізілген карантиндік шаралар барлық салаларда жаппай қолданылуына байланысты «карантин» сөзі қайта жанданып, белсенді сөзге айналды. Сирек қолданыста болып, қайта тірілген «карантин» сөзін жаңа сөздердің неолоксизм түріне жатқызуымызға болады. «Жұқпалы аурумен ауырған адамды не малды басқалардан уақытша оқшаулау, бөлек ұстау ісін» білдіретін карантин сөзі бүгінде коронавирустан қорғанудың бір түрі ретінде танылып отыр [10, 752] Бағзы замандарда да қазақ қоғамында карантин шаралары сақталатын болған. Жұқпалы ауру тарап жатқанда ақсақалдар сол ауыл тұрғындарын басқа жаққа шықпауға шақырған. Ауру тараған аймақтағы ауылдар айналасындағы төбелерге қаралы ту іліп, қара қазан төңкеріп, қара ат мініп, қара киім қиген. Осылай басқа ауылға, жолаушыға жаман ауру тарап жатқанынан белгі берген [11]. Ата-

бабаларымыз «карантин» деп айтпаса да, жұқпалы ауруды таратпаудың шектеу шараларын сақтай білген.

«Карантин» сөзінің тарихына келсек, ол алғаш рет XIV ғасырда қолданыла бастаған. Ховард Хаггард «Емшіден дәрігерге дейін. Емдеу ғылымының тарихы» кітабында алғашқы карантин 1348 жылы Венеция Республикасында қолданылғанын жазады [<https://severpress.ru/2020/05/05/karantin-doslovnnoe-znachenie-jetogo-slova-i-ego-istorija/>]. Оба індетінен қорыққан халық басқа жақтан келушілер үшін ереже бекіткен. Ереже бойынша кемелер 40 күн бойы зәкірде тұрған әрі оларға осы аралықта жағаға шығуға тыйым салынған [12]. COVID-19 пандемиясы кезінде де шет елден келген отандастарымызды 14 күнге карантинде ұстау шаралары сонау XIV ғасырдан бастау алатынын көруге болады. Әрі «карантин» сөзі бұрыннан бар болғанымен коронавирус пандемиясы кезінде қайта жанданғанын аңғарамыз.

COVID-19 ауруы кезінде неологизм, аэлогизм, неолексизмдермен қатар тіліміз кірме сөздермен толықты. Кірме сөздердің дені англизмдер болып келеді. С. Янурик «Неологизмы английского происхождения в русском и венгерском языках коронавирусной эпохи» мақаласында ағылшын тілінен енген сөздерді жіктейді:

covidiot [*< англ. covid + idiot*] ‘ковидиот’;

covideo-party [*< англ. covid + videoparty*] ‘ковидео-кеші’;

coronnials [*< англ. corona + millenials*] ‘корониалдар, ковиниалдар’

PCR-vizsgálat [*< англ. PCR analysis*] ‘ПЦР-анализ’;

PCR-teszt [*< англ. PCR test*] ‘ПЦР-тест’ [13, 526].

Бұл сөздердің ауызекі сөйлеуде еш өзгеріссіз қазақ тілінде қолданылған жағдайларды кездестіруге болады. Мәселен, «Егемен Қазақстан» газетінде «БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы түсіндіру шараларын арттыруды, сонымен қатар еңбек ұжымдарында *ПЦР-тест* өткізу, ғимараттарда бетперде режимін сақтау тапсырылды» нұсқасында берілген [14], ал бұл сөздің ПТР-сынама, ПТР-тест деген аудармасы қазақ тіліндегі мақалаларда жиі кездеседі. Сонымен қатар «локдаун», «коронафейк», «дистанционка» сөздері тілімізге еніп, кеңінен қолданыла бастады. «*Онлайн оқу өте қиын болды. Әр түрлі жағдайлар болды. Мысалға ретінде қарасақ, дистанционкада қатты түсінбейміз*» [15], - деген **сөздерді И.Жанболатова атындағы №15-мектептің 7-сынып оқушысы Адай Асқар «Оқушылар мектепке қайта барды» мақаласында берген сұхбатында айтады. Бұдан көретініміз, ауызекі сөйлеуде COVID-19 тіліне қатысты айтылатын сөздер қазақ тілі нұсқасымен қатар, орыс, ағылшын тіліндегі нұсқаларымен қатар қолданылады.**

Жаңа сөздердің пайда болуына «ковид», «корона» сөздері ұйытқы болды. Мәселен, «ковидиот» сөзі «өзін-өзі оқшалау бойынша ережелерді сақтамайтын, қоғамды дүрліктіріп, арандатуға әуес адам» деген мағынаны білдіреді [16, 27]. «Ковид» және «идиот» екі сөздің бірігуі арқылы жасалған. Ақыл-ой кемістігінің терең формасынан зардап шегетін адамды идиот деп айту бұрыннан белгілі. Бұл сөзге «ковид» сөзін біріктіру арқылы «COVID-19 ауруын жокқа шығаратын, оның бар екендігіне сенбейтін адам» деген жаңа атау пайда болды. Ковидиоттар жалған ақпаратқа сеніп, соның жетегінде жүретін адамдар ретінде танылды. Ал коронавирусқа қатысты таралған жалған ақпаратты «коронафейк» деп атау үрдісі қалыптасты. «Фейк» - ағылшынның «жалған» деген мағынасын беретін сөз. Ағылшын тілінен енген сөздерді сол қалпында өзгеріссіз қолдану үдерісі коронавирус пандемиясы кезінде белең алды. Алайда бұл сөздер күнделікті өмірде белсенді түрде қолданылады дей алмаймыз, себебі олар тікелей коронавирус ұғымымен байланысты болғандықтан, аурудың беті қайтқанда бұл сөздер де қолданыстан шығып қалуы әбден мүмкін.

Қорыта айтқанда, коронавирус дәуіріндегі жаңа сөздер ұлттық реңкі бар төл сөздер негізінде, байырғы сөздердің жаңа мағынаны иеленуі әрі сирек қолданыстағы сөздердің жанданып, жаңа мағынаға ие болуы арқылы жасалды. Сонымен қатар ағылшын тіліндегі кірме

сөздер де лексикамызға еніп, жаңа сөздер қатарын толықтырды. Тар мағынада қолданылған кәсіби сөздер, медициналық терминдер жалпыхалықтық сипат алып, күнделікті өмірде қолданыла бастады. COVID-19 тілін зерттеп, оның тілімізге әсерін бағалау болашақ зерттеулерде көрініс табады деп ойлаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. С.А.Итеғұлова, А.Қ.Қожахмет. Қазақ әдеби тілінің анықтамалығы. - Астана: «Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру әдістемелік орталығы», 2016. 150 б.
2. Saleh A. and Ahmad S. HAIDER. COVID-19 trending neologisms and word formation processes in English // Russian Journal of Linguistics. Amman, 2021. 27 p.
3. Қ.Алдашева. Қазақ тіл біліміндегі жаңа сөздердің зерттелуі және жүйеленуі // [Электронды ресурс]: <https://termincom.kz/articles/?id=86>
4. <https://sazalem.com/ru/track/kazaksha-terme-ne-zhaman-ne-zhetim>
5. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. – Алматы: РПК "Слон" DPS, 2012. Энциклопедия. 3-том. 736 б.
6. Б.Әлімжанов. Пандемия (поэма) // [Электронды ресурс]: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/60054> 2022.
7. Т.Жанұзақ, С.Омарбеков, Ә.Жүнісбек және т.б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. - Алматы, 2011. Он бес томдық. 1-том. 752 б.
8. <https://sozdikqor.kz/soz?id=10027&a=ARAQASHYQTYQ>
9. Бринкерхов Д., Уейтс Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері, - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. 9-басылым. 464 б.
10. Б.Момынова, Б.Сүйеркүлова, А. Фазылжанова және т.б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы, 2011. Он бес томдық. 7-том. 752 б.
11. Е.Сатқан. Таным: қатерлі індеттен қазақ қалай сақтанған?// [Электронды ресурс]: <https://baribar.kz/138836/tanym-qaterli-indetten-qazaq-qalaj-saqtanghan/>.
12. <https://sever-press.ru/2020/05/05/karantin-doslovnnoe-znachenie-jetogo-slova-i-ego-istorija/>
13. С. Янурик. Неологизмы английского происхождения в русском и венгерском языках коронавирусной эпохи // Санкт-Петербург, 2021. с. 526
14. А. Дәуіт. Амандық Баталов вируспен күрестегі сақтық шараларын күшейтуді тапсырды // [Электронды ресурс]: <https://egemen.kz/article/242795-amandyq-batalov-viruspen-kurestegi-saqtyq-sharalaryn-kusheytudi-tapsyrdy>.
15. <https://mangystautv.kz/kz/news/society/okushylar-mektepke-kaita-bardy#>
16. Бугреева Е.А. Эффективность вербального и невербального поведения в онлайн коммуникации периода «новой нормальности» // Service plus Scientific Journal. Санкт-Петербург, 2021. с. 27

ӘОЖ 378.147

Тіл үйретуде зоонимдерді меңгерудің маңызы

Урманова Ақмарал

Urmanova.akmaral@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті, 7М01717 – «Қазақ тілі мен әдебиеті»
білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты, Нұрсұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – п.ғ.д., профессор Ш.Қапантайқызы